1-тапсырма

3. „Тәуелсіздіктің 30 жылдығы: жастар, ғылым, руханият"

1991 жыл 16 желтоқсан әр қазақтың өмірінде, есінде із қалдырған күндердің бірі. Ол күн ата-бабаларымыздың сан-ғасыр жылдар бойы армандап келген мақсаты – тәуелсіз ел болу. Сол мақсатқа 1991 жылы жеттік. Бүгінгі таңда Қазақстанның тәуелсіз ел болып жүргеніне 30 жыл толды.

Қазақстанымыз осы 30 жыл ішінде толықтай өзгерді деп айта аламын. Жеріміз жайнап, Отанымыз көркейдей түсті. Қазіргі таңда әлем бойынша жердің кеңдігімен 9-шы орынды алып отырмыз. Экономикамыз дамып, конституциямызды қабылдап, ТМД елдер қатарына қосылдық. Білім жағынан да басқа елдерден асып түсіп жатырмыз. Н. Ә. Назарбаев біздің тұңғыш президентіміз айтқандай „Біздің болашағымыз жастардың қолында." Қазіргі біздің ұрпақ өте өнерлі, білімді. Осы жастардың арқасында да біз өзге елдерге танылып жатырмыз. Жастардың Қазақстанға қосқан үлесі зор. Атап кетсем олар: Димаш Құдайбергенов – әлемге қазақ тілін, домбыраны таныстырды, Іманбек – ТМД елдеріндегі ең бірінші Grammy алған жігіт, көптеген режиссерлер, олардың көптеген сериалдары әлем деңгейіне түсіп, біздің мәдениетімізді, тілімізді өзге елдер зерттеп, тани бастады. Қазіргі ұрпақ арқасында „Қазақстан" деген елді біз танытып жатырмыз.

Тәуелсіздік алған күннен бастап біз ешкімге тәуелді емеспіз, еркін, өз пікірімізді айтуға құқығы бар халықпыз.



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ

Осы 30 жыл ішіндегі біздің басты жетістіктеріміздің бірі Қазақстанның Астана қаласында өткен халықаралық көрмеге қатысуымыз. „Expo-2017" көрмесіне елдің түкпір-түкпірінен адамдар келіп, көрмені тамашалады. Ал енді қазіргі таңда өтіп жатқан (Дубайда) „Expo-2020" көрмесінде Қазақстан павильоны үшін сұранысқа ие павильон. Осы да жетістік деп білемін.

Ал енді еліміздің көздеп жатқан басты мақсаты ол - „Мәңгілік Ел-2050". Елімізді дамыған елдер қатарына қосу, Қазақстанды одан әрі көркейту.

Қорыта келгенде тәуелсіздіктің 30 жыл ішінде біз көп нәрсеге жеттік және көп нәрсеге жетуді мақсат етіп отырмыз. Халықтың қолдауымен, бірлігімен біз көп нәрсеге жетеміз деген ойдамын

2-тапсырма.

Қалыптасқаннан - не істегеннен?, етістік, 5 буын, 4 тасымал, түбірі - қалып, жұрнағы - тас, қан, жалғауы - нан.

Болашағынан - неден? зат. е, 5 буын, 4 тасымал, түбірі - болашақ, жұрнақ: -ы; жалғау - нан.

Күттірер - не істер? етістік, 3 буын, 2 тасымал, түбір - күт, ті - жалғау, рер - жалғау

Бергізетін - не істетін? етістік, 4 буын, 3 тасымал,

Ақылды - қандай? сын. е, 3 буын, 2 тасымал.

Отырушы еді - не істеуші? - етістік, 3 буын.

Отанпатты

Ертегісі - несі?



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІНІҢ
"ДАРЫН" РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ"
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ